

**Автор:** Жарылкапова Камила Имашевна

**Пән:** Дене шынықтыру

**Сынып:** 5-сынып

**Бөлім:** Өзгертілген командалық ойын

**Тақырып:** Негізгі тактикалық тәсілдерді үйрету

Сабактың мақсаты	Оқушыларға волейбол ойынындағы допты жоғарыдан және төменнен қабылдап, беру әдістемелердің үйрету
Осы сабак арқылы жүзеге асадын оқу мақсаттары	<p>Барлық оқушылар орындағы алады :</p> <p>Әуелеп келген допты қабылдайды</p> <p>Оқушылардың көпшілігі орындағы алады</p> <p>: Төменнен қабылдап береді Кейбір оқушылар орындағы алады</p> <p>: Допты әр түрлі әдіспен қабылдап, әріптесіне береді</p>
Тілдік мақсат	<p>Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:</p> <p>«пас», «аут», «эйс» Талқылауға арналған сұрақтар</p> <p>: 1.Аланда орын ауыстырудың әсері?</p> <p>Не себепті .... деп ойлайсыз?</p> <p>Ойыншы барлық нұктедегі міндеттерді атқарады Ишара</p> <p>: Доп сыртта, доп алаңға түсті,</p>
Алдыңғы оқу:	Қысқа қашықтыққа жүгіру

### Сабак барысы

Сабак кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Басы (15)	Командалық жаттығулар: Амандасу, түзел, тік түр. Саптық жаттығулар: Оңға, солға, кері бұрылу. Жүру жаттығулары: 1. екі қол жоғарыда, аяқтың ұшымен жүру. 1. Қолы желкеде өкшемен жүру, 2. қолымыз белде табанның ішкі қырымен 3. Табанның сыртқы қырымен жүру. 4. Қол алға созып жартылай отыра жүру. 5. Спорттық жүріспен жүру. Жүгіру жаттығулары. 1. Бір қалыпты жүгіру. 2. Сол жанымен жүгіріу. 3. он жанымен жүгіру. 4. Артпен жүгіру 5. Тізені көтеріп секіріп жүгіру. 6. Аяқты артқа лақтырып жүгіру 7. Қол белде аяқ ұшын көтеріп жүгіру 8. Жылдамдықпен жүгіру. 9. тыныс алу жаттығулары. Жалпы дамыту жаттығулары. 1. Қол белде, аяқ иық деңгейінде басты оңға, солға айналдыру. 2. Қол белде, иықты алға, артқа айналдыру 3. Қолды сермеу жаттыгулары 4. Қол желкеде онға солға бұрылу 5. Қол белде оңға, солға айналдыру 6. Екі қолды тізеге қойып айналдыру. 7. Отырып-түрү жаттығулары 8. Қолды көтеріп-түсіріп тыныс алу	Оқу бағдарламасы, мұғалімге арналған нұсқаулық.
Ортасы (15)	- Сабак тақырыбын оқушыларға түсіндіру - оқушыларды үш топқа бөлу - ойын барысын түсіндіру «Айдаһар» ойныны. Ойын шарты: оқушылар екі топқа бөлінеді. Жарты топ бір-біріне тіркесіп «Айдаһар» бейнесінде тұрады. Екінші топ айдаһарды айнала шеңбер жасайды. Шеңбер жасап тұрған оқушылар «Айдаһар» бейнесіндегі тіркескен оқушыларды соңғысынан бастап доппен үра бастайды. Доп тиген оқушы ойыннан шыға береді. Осылайша біртіндеп үрып «Айдаһарды» өлтіреді. Оқушыларды бағалау критериімен таныстыру. Оқушылдың деңгейіне байланысты үш топқа бөлу: 1. топ: «Астана»- жоғарғы деңгейлі оқушылар 2. топ: «Алматы»- орташа деңгейлі оқушылар 3. топ: «Ақтөбе»- төменгі деңгейлі оқушылар АКТмен видео ролик көрсету «Астана» тобына допты саусақпен жоғарыдан қабылдау. «Алматы» тобына допты төменнен қабылдау. «Ақтөбе» тобына допты әуелетіп лақтырып, қағып алу.	АКТ видео ролик көрсету: волейбол доптары, ысқырық, критерий қағаздары
соңы (10)	Үйге тапсырма, оқушыларды бағалау	